

«АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

Бердалы Лаура

Laura.berdaly@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «География педагогтерін даярлау» мамандығының 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші-Сапаров Қ.Т

Аннотация. Жалпы қазіргі таңдағы білім берудің негізгі мақсаты-білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, белсенділікке шыңдау, шығармашылық тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілікке, өмір бойы білім алуға уйрету. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Білім беру жүйесінде жас ұрпақты жан-жақты дамыту мен тәрбиелеуде, олардың жалпы мәдениетін қалыптастыруда тұлғаны шығармашылыққа тәрбиелеуде, табиғат пен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуде, жер бетінде тіршілікті сақтауда география пәнінің рөлі өте зор. Жалпы орта мектептерден басталатын бұл география жаратылыстану пәндерінің қоғам алдында алатын орны ерекше, ұлттық деңгейде қойылған мақсатты жүзеге асыруда географиялық білімнің мәні кең, білім алушылар бойына өзіміз өмір сүретін ғаламшар ретінде, мәдениет пен экология, экономика, шаруашылықтың тиімділігін арттыру мақсатында, халықтың әл-ақуалын жақсартуда география ғылымы қажет. [1]

Жалпы орта білім беру мектептерінде география пәні оқушыларға өздерін қоршаған материалдық, рухани және мәдени құндылықтарды, сондай-ақ адамның кеңістікте өмір сүруінің мәнін дұрыс түсінулері үшін, белгілі деңгейде географиялық білім, географиялық мәдениет пен түсінік жинақтаулары үшін оқытылады. Ал, арнайы білім беру мекемелерінде география пәні қазіргі таңдағы әлемдегі жаңалықтар, экономика, өздерінің сала таңдауларымен байланысады, сонымен қатар басты мақсат экологиялық білім беруді жетілдіру болып табылады. Оқыту мен тәрбиенің тұтас педагогикалық үдеріс екендігін ескере, жаңа білім беру парадигмасына сәйкес, орта мектептермен арнайы білім беру мекемелерінде біршама өзгешіліктерді байқауға болады, ол педагогикалық шарттар кешенінің өзгеруіне әкеледі. Білім беру аясында, жоғарыда атап өткен екі мекеме бойынша оқулықта, оқу әдістемелік құжаттарда, теориялық практикалық жұмыстарда әр мекеменің ерекшеліктерін сонымен қатар ұқсастықтарын көруге болады.

Ең алдымен жалпы орта мектептердегі география пәнінің негізгі ерекшеліктеріне тоқталсақ, мұғалімнің оқу әдістемелік жүйесінде, оқулықта, ондағы білім берушінің күнтізбелік жоспарында, яғни орта мектептерде сағат санының, ондағы теориялық практикалық жұмыстарында, және білім алушыларды бақылауында онда болатын тапсырмалар мен шарттар жайлы, сағат саны бойынша арнайы білім беру мекемелерінде жылдық сағат беріліп топ белгілі бір семестрлеге бөлінеді, ал орта мектептерде тоқсан бойынша жіктеледі, сонымен қоса бағыттары жөнінен айырмашылықтар көрінеді. [2]

Мектеп бағдарламалары бойынша мұғалімге жүктелетін жоспар бағыт бойынша ажыратылады яғни жаратылыстану гуманитарлық және техникалық бағыт,бағыттар бойынша сағат саны қарастырылады,арнайы білім беру мекемелерінде де дәл солай,негізгі ерекшеліктер оқулық тарапынан.Орта мектептерде географиялық білім беруді жетілдіру, яғни оқыту мақсатына сәйкес күтілетін нәтижені жоспарлау қажеттігі туындап отыр. Осыған орай болашақта географиядан білім сапасын қамтамасыз ету үшін оқу нәтижелерін анықтау, оқу процесін ұйымдастыру, оқушының күзіндеттілігі алдыңғы орынға шығу керек. Географиядан білім берудің мазмұндық және мағыналық жағынан, оқышыларды оқу материалдарын дайын күйінде қарастыруларын ғана емес,олардың өз бетінше білім алуға,ізденуге бағыт беру. Орта мектептердегі география пәнінің оқыту ерекшеліктері дәстүрлі форматта төмендегідей жағдайларда басым келеді:

- Оқулықтар бойынша жұмыс жасау,топтық ұжымдық жұмыстар өткізу
- Оқу көрнекіліктерімен жұмыс жасау, карта, глобус
- Сарамандық ,бақылау жұмыстары
- Географиялық есептер,диаграммаалар кестелермен жұмыс өткізу
- Географиялық сөздіктермен жұмыс,объект атаулары. [3]

География пәнінің 10 сынып оқулығын қарастыра келе 7 бөлім,64 тақырыптан тұрады,арнайы білім беру орталықтарында сәйкесінше,10 сынып оқулығын қолданады,бірақ сол бойынша терізмелі тақырыптармен өтіледі яғни,сол қалпынша 7 бөлім бірақ сала таңдау жағынан айырмашылықтар кездеседі,қоғамдық гуманитарлық бағыт сағаттар жөнінен аптасына 2 рет өтілсе,техникалық бағыт 1 рет өтіледі.Яғни,арнайы білім беру орталықтарындағы білім беру жүйесі мамандық,белгілі бір сала таңдау бойынша қарастырылады.Арнайы білім беру мекемелеріндегі география оқыту ерекшеліктері төмендегідей басымдылықтарымен қарастырылады:

- Атап айтқандай,оқытудың түрліше әдістерін қарастыра отырып оқыту
- Өзіндік ізденіс талаптары
- Сала бойынша өз салаларына сай қарастыра оқыту
- Жаңа технологиялардың көмегімен электронды карта,көрнекіліктер көмегімен
- Өзіндік ізденістер мен білімнің сапалылығына назар аудару

Сәйкесінше,жалпы орта мектептермен арнайы білім беру мекемелеріндегі оқу үрдісінде белгілі бір ұқсастықтар мен айырмашылықтар көрініс табады, басты айырмашылықтар атап айтқандай мектептерде жалпы білім алу үшін негізгі пән қызметін атқарса,арнайы оқу орындарында сала таңдау негізі ретінде оқытылады,жәнеде білім берушілердің ақпараттарымен көрініс табады. [4]

Қазіргі ақпараттың дамыған уақыты болғандықтан,арнайы білім беру орталықтарына бірнеше ұсыныстар бар,белгілі бір бағдарлама немесе оқулықтар арқылы оқыту,олардың сала таңдауына,мамандықтарына байланыстыра оқыту,оқытып қана қоймай сол салада жұмыс жасауға деген қабілеттерін көрсетіп,ашатын,қызығушылықтарын оятатындай етіп оқу жоспарын құрып қарастыру,тек білім алушыларға ғана емес,білім берушіліергеде жағдай жасау,олардағы бағдарламаларды,оқулықтармен оқуға қажетті көрнекіліктерді қарастыру,әр сала бойынша география пәнінің негізгі мақсат-міндетін ашу,география пәнінің мәнін ұғындыру.

Арнайы білім беру мекемелерінде жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті, функционалды сауатты жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.[5]

Қолданылаған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә.Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан.-2017.№7(29-101)

2. Закона Республики Казахстан «Об образовании» *OECD*. Executive summary // Higher Education in Kazakhstan 2017. — Paris: OECD Publishing, 2017. — P. 15—17.
3. «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ – «Ақпараттық – талдау орталығы» АҚ; Астана, 2018. - 336 бет.
4. 10 сынып географиясы, қоғамдық-гуманитарлық бағыт. К.Каймулдинова, С.Әбілжәмәніовна, А.Саипов Алматы «МЕКТЕП» 2019
5. <https://zkoipk.kz/kz/smartconf2017/1-section/3497-conf.html>